№3 (483)
31 наурыз
2023 жыл

Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Мерекелік көңіл-күй

22 Наурыз күні Zhubanov University Әдебиет аллеясында киіз үй тігіп, ақтөбеліктерге Наурыз көжеден дәм таттырды. Мерекелік көңіл-күй сыйлап, университет өнерпаздары концерт қойды. Көпшілік назарына студенттердің шебер қолынан шыққан ұлттық бұйымдар көрмесі ұсынылды. Ұлттық ойындардан жарыс өткізілді.

Әдебиет аллеясына келген қала халқын облыс әкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінова мен университет ректоры Лаура Қарабасова Наурыз мерекесімен құттықтады. Шара барысында бірқатар оқытушылар мен қызметкерлерге облыс әкімі Ералы Тоғжановтың Алғыс хаты табысталды.

Жадыра Әрен

Осы санда

МЕНІҢ ФАКУЛЬТЕТІМ - МЕНІҢ ӨМІРІМ
4-5 бб

КӨКТЕМ ТОЙЫ

ҰСТАЗДАРДЫҢ АЛТЫН ҰЯСЫ

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

AMAZON КОМПАНИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ

Қазақстандық 100 жоғары білім алушы AMAZON компаниясының ауқымды халықаралық OpenSearch жобасымен жұмыс істей бастады.

Жоба 3 айға созылады. Белгілі мерзім аяғында AMAZON компаниясы қатысушылар арасынан іріктеу жүргізіп, жұмысқа шақырмақ ниетті. Zhubanov University «7M06 — Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» магистратура білім бағдарламасының 1 курс магистранты Ноян Кужербаев жобаға қатысушының бірі. Оның ойынша AMAZON компаниясының жобасына қатысу мүмкіндігін алу аса қиын болмаған. «Мен бар болғаны ашық байқауға қатысуға өтініш жолдадым», — дейді ол. Ноян Кужербаевтың алдағы мақсаты бұл жобадан тәжірибе жинақтап, мансап жолына пайдалану. Келешекте ақпараттық жүйелер саласында жетекшілік қызметте болуды көздейді.

Бұл сала елімізде қарқынды даму үстінде, сәйкесінше мансаптық өсу де тез екенін айтады.

AMAZON Америкалық алпауыт компания. Ол 1994 жылы құрылған.

Атауы дүние жүзіндегі ең суы мол өзен — Амазонканың құрметіне қойылған. Компания басшысы Джефф Безос кәсібін музыкалық дискілер, түрлі бейнеөнімдер сатудан бастаған. Кейін MP3 жазбалар, түрлі бағдарламалар, компьютерлік ойындар, электронды құрал, киімкешек, жиһаз, азық-түлік, қысқасы зат талғамай сатумен айналысып, бүгінде оның компаниясы триллионер компанияға айналды.

2022 жылдың соңында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Amazon компаниясы арасында жоғары білім беру саласындағы перспективалық ынтымақтастық, студенттердің оқу процесінде инновацияларды енгізу және мансабын бастау үшін қажетті дағдыларды игеру мүмкіндіктерін кеңейту туралы Меморандумға қол қойылған еді.

«Екі жақты келісім аясында Қазақстанда College Contributor initiative пилоттық бағдарламасы іске қосылды. Енді еліміздің ЖОО студенттері Amazon компаниясының халықаралық аудиториясы арасында бірінші болып OpenSearch Amazon ашық бастапқы коды бар жобамен жұмыс істеуге қатысады», — делінген министрліктің ресми сайтында.

Ақпараттық технологиялар мамандығында білім алатын қазақстандық үздік жастар үш ай бойы Amazon компаниясы мамандарының жетекшілігімен OpenSearch бойынша тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, деректер репозиторийлерінің кең бағыты бойынша бастапқы кодқа өзгерістер мен жақсартулар енгізеді.

Бағдарлама студенттердің өз портфолиосына халықаралық жобаларда жұмыс істеу бойынша трек рекордын (басқару нәтижелерін) жасауға, Amazon компаниясының мамандарымен тиімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Корпорация тәлімгерлерінің ұсынымдары мен пікірлері бойынша жобаға қатысушылар болашақта Amazon компаниясында тағылымдамадан өтуге, сондай-ақ жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады.

ВОЗМОЖНОСТИ КОМПАНИИ AMAZON

100 казахстанских студентов высших учебных заведений приступили к работе над масштабным международным проектом AMAZON OpenSearch. Он продлится 3 месяца. По истечении указанного срока компания AMAZON намерена провести отбор среди участников и пригласить их на работу.

К работе над проектом приступил и магистрант 1 курса образовательной программы «7M06 – Информационно-коммуникационные технологии» магистратуры Zhubanov University Ноян Кужербаев. По его словам, получить возможность принять участие в проекте компании AMAZON не составило труда. «Я только отправил заявку на участие в открытом конкурсе», — говорит он. Будущая цель Нояна Кужербаева – получить опыт от этого проекта и использовать его в своей карьере. В будущем он намерен занять руководящую должность в области информационных систем. По мнению Нояна, эта отрасль стремительно развивается в стране, и карьерный рост также быстрый.

AMAZON — американский гигант. Он был основан в 1994 году. Название дано в честь крупнейшей реки мира - Амазонки. Глава компании Джефф Безос начал свой бизнес с продажи музыкальных дисков и различной видеопродукции. Позже он занимался продажей MP3-пластинок, различных программ, компьютерных игр, электронной техники, одежды, мебели, продуктов питания, и сегодня его компания стала компанией - триллионером.

В конце 2022 года Министерство науки и высшего образования РК и компания AMAZON подписали Меморандум о перспективном сотрудничестве в области высшего образования и расширения возможностей студентов по приобретению навыков, необходимых для внедрения инноваций в процессе обучения и начала своей карьеры.

«В рамках двустороннего соглашения в Казахстане запущена пилотная программа инициативы College Contributor. Теперь студенты вузов страны первыми среди международной аудитории AMAZON принимают участие в работе с открытым исходным кодом проекта OpenSearch AMAZON», — говорится на официальном сайте министерства.

В течение трех месяцев казахстанские студенты, обучающиеся по специальности информационных технологии, под непосредственным кураторством специалистов компании Amazon будут проводить практические работы над OpenSearch, вносить изменения и улучшения в исходный код по широкому направлению репозиториев данных.

Программа позволяет студентам создать трек рекорд (результаты управления) в свое портфолио по работе над международным проектом, выстроить эффективные коммуникации с профессионалами компании AMAZON. На основании рекомендаций и мнений менторов корпорации у участников проекта будет возможность в будущем получить стажировку и работу в AMAZON.

AMAZON OPPORTUNITIES

100 students of higher educational institutions of Kazakhstan started working on a large-scale international project AMAZON OpenSearch. It will last 3 months. After the deadline, AMAZON intends to select among the participants and invite them to work.

Noyan Kuzherbaev, a 1st-year master student of the educational program «7M06 - Information and Communication Technologies» of the master's program at Zhubanov University, also started working on the project. According to him, getting the opportunity to take part in the AMAZON project was not difficult. "I just submitted an application for participation in an open competition," - he says. The future goal of Noyan Kuzherbaev is to gain experience from this project and use it in his career. In the future, he intends to take a leadership position in the field of information systems. According to Noyan, this industry is developing rapidly in the country, and career growth is also fast.

AMAZON is an American giant. It was founded in 1994. The name is given in honor of the largest river in the world - the Amazon. The head of the company, Jeff Bezos, began his business by selling music discs and various video products. Later he was engaged in the sale of MP3 records, various programs, computer games, electronic equipment, clothing, furniture, food, and today his company has become a trillion-dollar company.

At the end of 2022, the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan and AMAZON signed a Memorandum on promising cooperation in the field of higher education and empowering students to acquire the skills necessary to introduce innovations in the learning process and start their careers.

"As part of a bilateral agreement, a pilot program of the College Contributor initiative has been launched in Kazakhstan. Now students of the country's universities are the first among the international audience of AMAZON to take part in the work of the OpenSearch AMAZON open source project," - the official website of the ministry says.

For three months, students of Kazakhstan studying in the field of information technology, under the direct supervision of Amazon specialists, will carry out practical work on OpenSearch, make changes and improvements to the source code in a wide area of data repositories.

The program allows students to create a track record (management results) in their portfolio for working on international projects, build effective communications with AMAZON professionals. Based on the recommendations and opinions of the corporation's mentors, project participants will have the opportunity to receive internships and work at AMAZON in the future.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

ZHUBANOV UNIVERSITY ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ 77%-Ы ӘЙЕЛДЕР

Бұл сандық көрсеткіш университеттің стратегиялық дамуында шешуші рольге ие. 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік шарада құттықтау сөз сөйлеген Басқарма мүшесі, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, профессор Рахым Бекназаров оқу орнындағы әйелдердің еңбегіне талдау жасады.

«Университетте жалпы жұмыс істейтін оқытушы және қызметкерлердің саны — 1313 адам, соның 77%-ын (955) әйелдер құрайды.

Факультеттер бойынша айтсақ, ер адамы басым тек техникалық факультет, онда әйелдер саны 49%-ті (39 әйел) құрайды.

Қалған факультеттер:

• Кәсіби-шығармашылық факультеті — 43,9% (43 әйел)

• Физика-математика факультеті — 70% (64 әйел)

• Тарих факультеті — 49% (39 әйел)

• Құқық және экономика факультеті — 75,9% (60 әйел)

• Жаратылыстану факультеті — 71% (53 әйел)

• Филология факультеті — 77% (109 әйел)

• Педагогика факультеті — 91% (55 әйел)

Ал басшылық құрамға келсек, проректорлар корпусында — 40% әйелдер еңбек етеді.

Декандар корпусында — 67% әйелдер (бір декан ғана ер адам).

Университеттегі 26 кафедраның тоғызын ғана ерлер басқарады, қалғаны (74%) әйелдердің жетекшілігінде. 173 әйелдің ғылыми атағы бар.

35 жасқа дейінгі 152 жас қызметкердің 125-і нәзік жандар. Әйел қызметкерлердің жасы үлкені 75-те. «Көп балалы ана» мәртебесін алған екі қызметкер 7 баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп отыр», — деді Р.Бекназаров.

Осылайша өңірге қажетті маман дайындауда қыз-келіншектердің үлесі зор екені байқалды.

77% СОТРУДНИКОВ ZHUBANOV UNIVERSITY — ЖЕНЩИНЫ

Этот количественный показатель имеет определяющую роль в стратегическом развитии вуза. 8 марта — на праздновании Международного женского дня член правления, проректор по науке и инновациям, профессор Рахим Бекназаров проанализировал работу женщин в учебном заведении.

«Общая численность преподавателей и сотрудников, работающих в университете, составляет 1313 человек, из них 77% (955) — женщины. Если говорить о факультетах, то только на техническом факультете преобладают мужчины, где количество женщин составляет 49% (39).

Другие факультеты:

• Профессионально-творческий факультет — 43,9% (43 женщины)

• Факультет физики и математики — 70% (64 женщины)

• Исторический факультет — 49% (39 женщин)

• Факультет права и экономики — 75,9% (60 женщин)

• Факультет естественных наук — 71% (53 женщины)

• Филологический факультет — 77% (109 женщин)

• Педагогический факультет — 91% (55 женщин)

Что касается руководящего состава, то в корпусе проректоров работает 40% женщин. В корпусе деканов - 67% женщин (только один декан - мужчина). Только девять из 26 кафедр в университете возглавляют мужчины, остальные (74%) возглавляют женщины.

173 женщины имеют научные звания.

Из 152 молодых сотрудников в возрасте до 35 лет — 125 также женщины. Самой старшей работнице 75 лет. Две сотрудницы имеют статус «многодетная мать», воспитывают 7 детей», — сказал Р. Бекназаров. Был отмечен значительный вклад женщин в подготовку специалистов, необходимых региону.

77% OF ZHUBANOV UNIVERSITY EMPLOYEES ARE WOMEN

This quantitative indicator has a decisive role in the strategic development of the university. March 8 - at the celebration of International Women's Day, Board Member, Vice-Rector for Science and Innovation, Professor Rakhim Beknazarov analyzed the work of women in an educational institution.

«The total number of teachers and staff working at the university is 1313 people, of which 77% (955) are women. If we talk about faculties, only the technical faculty is dominated by men, where the number of women is 49% (39).

Other faculties:

• Professional and creative faculty — 43.9% (43 women)

• Faculty of Physics and Mathematics — 70% (64 women)

• Historical Faculty - 49% (39 women)

• Faculty of Law and Economics — 75.9% (60 women)

• Faculty of Natural Sciences — 71% (53 women)

• Faculty of Philology - 77% (109 women)

• Faculty of Education - 91% (55 women)

As for the management staff, 40% of women work in the corps of vice-rectors. In the corps of deans - 67% of women (only one dean is a man). Only nine out of 26 departments at the university are headed by men, the rest (74%) are headed by women.

173 women have scientific titles.

Of the 152 young employees under the age of 35, 125 are also women. The oldest employee is 75 years old. Two employees have the status of a «mother of many children», they bring up 7 children,» — R.Beknazarov said.

The significant contribution of women to the training of specialists needed by the region was noted.

☑ Faculty of Economics and Law is 30 years old

Экономика және құқықтану саласында жоғары білікті мамандарды даярлау деңгейін арттыру, жоғары кәсіби білім беруді дамыту мақсатында Zhubanov University өңірлік университетінде 1992 жылы «Экономика факультеті» құрылды. 2014 жылдың 1 қыркүйегіндегі ректордың №348 бұйрығы бойынша экономика және құқық факультеттерінің біріктірілуі нәтижесінде «Экономика және құқық» институты құрылған болатын. 2017 жылдың мамыр айынан бастап «Экономика және құқық» факультеті атанды. Профессор Жунусов Бауыржан Арыстанұлы Қ.Жұбанов атындағы Экономика және құқық факультетінің негізін қалаушылардың бірі. Бүгінде ардагер ұстаз өзінің ұзақ жылдық ғылыми-педагогикалық және өмірлік тәжірибесімен жас мамандармен және білім алушылармен бөлісе жүрп, еңбегін жалғастыруда.

Есімі елеулі, қадірі зор азаматпен сұқбат жүргізген Гүлнара Қараша.

Менің факультетім –

— Бауыржан Арыстанұлы, қызмет жолыңыз өткен факультеттің құрылғанына 30 жыл толыпты. Құрылуына өзіңіз тікелей қатысқан екенсіз. Үлкен істің бастауын бір сәт еске алсаңыз.

— Экономика факультетін құру идеясын 1992 жылы сол кездегі педагогикалық институттың ректоры Мұхтар Арынов ұсынған болатын. «Саяси экономия» кафедрасының ашық отырысын ректор Мұхтар Ғалиұлы өзі өткізіп, оқу министрлігінің ұсынған «Нарық теориясы» және «Экономика және менеджмент» мамандықтарының біреуін таңдап, кадр дайындау мәселесін қойды. Мұхтар Арынов «Экономика және менеджмент» мамандығын ашуға дауыс беруге шақырып, оның жаңа мамандық ашу идеясын «Саяси экономия» кафедрасының оқытушылары бірауыздан қолдады.

Экономика факультеті 1992 жылдың 1 қыркүйегінде алғашқы 43 талапкерді оқуға қабылдады. Экономика факультетін құру бастауында менен өзге Ү.С.Байжомартов, Ү.Е.Мәмбетов, Н.В.Ювица тұрды. Ұжым алдына жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамын құру, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету және т.б. өте күрделі міндеттер қойылды.

Экономика факультеті үшін профессорлық-оқытушылық кадрларды даярлау ең алдымен аспирантура арқылы жүзеге асырылады. Бірінші жылдан бастап-ақ институт әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аспирантурасына екі оқытушыны жіберді. 1992 жылы озық тәжірибені зерттеу, экономикалық кадрларды даярлау мақсатында еліміздің және Ресейдің алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарына Ү.С.Байжомартовты — Мәскеу, мені — Алматы, Н.В. Ювицаны — Челябинск қалаларына жіберді. Біз ЖОО-ның нарық жағдайында экономикалық пәндерді оқытудың жаңа әдіснамасын зерттеп, соның арқасында экономика факультетіне оқу-процесінің мән-мағынасына байланысты пайдалы ақпараттарды жинадық. 1994 жылы авторлық бірлестікте «Нарықтық экономика негіздері» атты оқу құралы «Республикалық баспа кабинеті» арқылы қазақ тілінде жарыққа шықты. Бұл басылым «Ноу-хау» ғылыми фирмасының қаржыландыруымен Қазақстанның барлық оқу орындарына таратылады.

— Еліміз нарықтық экономикаға көшкен жылдары экономика саласы мамандықтарына сұраныстың күрт артқанын білеміз. Тіпті кейін бітірген мамандарға жұмыс орны жетіспей жатты. Факультетке де сол жылдары талапкер қабылдау көп болған болар?

— Факультет құрылғаннан бері 30 жыл өтіпті. Жыл сайын оқуға түсушілер саны артып келеді. Былтыр пандемияға байланысты әлемдік дағдарысының қиындығына қарамастан 173 студент әр түрлі экономикалық мамандықтарға қабылданып отыр. Жалпы экономикалық мамандықтар бойынша 862 студент білім алуда. Әр жылғы қабылданған студенттердің өз ерекшеліктері бар. Бір курстың басқа курсқа ұқсауы сирек, сондықтан да, барлық студенттерге бір өлшеммен қарауға болмайды. Әр адамның мектептегі дайындығы, білім деңгейі, алған тәрбиесі, психологиясы өзгеше емес пе? Біздің кезімізде тек оқысаң адам боласың деген ой миымызға сіңіп қалған болатын. Мамандықтың жаманы жоқ, тілін таба білсең мамандықтың бәрі жақсы демекпін. Бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек.

— Экономика саласы мамандықтарының өзіндік ерекшелігін айта кетсеңіз. Есепке жүйрік болу шарты бар екенін білеміз.

— Экономикалық мамандықтарға әртүрлі бағыттар жатады. Мамандықтар тізімінде бухгалтерлер, аудиторлар, банк және қаржы мамандары, экономистер, тіпті оқу орындарындағы бейіндік бағыттардың оқытушылары бар. Кәсіпкерлер де экономикалық санатқа жатады, бірақ жалдамалы еңбекпен айналыспайтындықтан ерекше орын алады. Экономикалық мамандықтар аналитикалық ақыл-ойы бар, көптеген ақпараттармен жұмыс істей алатын адамдарға жарайды.

Экономист болу үшін нақты ғылымдарды (математика, информатика) білу, сондай-ақ әлемдік экономикада болып жатқан өзекті оқиғаларға қызығушылық қажет. Мысалы, бухгалтер мен банк маманы салық және еңбек заңнамасы туралы терең білімді болуы қажет, ал маркетологқа нарықты зерттеу әдістерін белгілі бір бизнеске және нарық жағдайына бейімдеу мүмкіндігі керек. Статистика мамандығы мұқияттылық пен зейіннің шоғырлануын, ал кәсіпкер — көпшіл және стандартты емес мәселелерді шешуге дайын болуды қажет етеді. Экономикалық мамандықтардың кемшіліктері бар десекте болады, бірақ оларды теріс ұғынуға болмайды, керісінше, ол тұрақты оқу қажеттілігі, университетті бітіріп, бірден әлемдік экономиканы шолу мүмкін емес, күнделікті болып жатқан оқиғаларға мониторинг пен талдау жасау, зерттеудің жаңа әдістерін игеру, білім деңгейін арттыруды қажет етеді.

— Атақты Нархоз университетінен білім алыпсыз. Әлі күнге жоғары білім беруде алдыңғы позициядағы ЖОО. Мансаптық өсу мүмкіндігі бола тұра әсем Алматыны арайлы Ақтөбеге алмастыруыңыздың себебі бар шығар...

— Алматы қаласында 15 жылдай тұрдым, Нархоз университетінде 12 жыл өмірімді, яғни осы оқу орнында студент, тәлімгер-зерттеуші, кіші ғылыми қызметкер, аспирант, оқытушы сатыларынан өтіппін. Алматы халық шаруашылығы институтының кафедра меңгерушісі, белгілі профессор Тарбай Шәукенбаевтың «ғылыми өнімімін», ол кісінің ең соңғы аспирантымын, 74 жасында қайтыс болды. «Өзге елде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол» — деген мақал бар емес пе? Өзімнің қорғаған ғылыми жұмысым Ақтөбе өңірінің экономикасына арналған еді. 1988 жылдың ақпан айында «Қазақстандағы шағын және орта қалалардың дамуын жоспарлауды жетілдіру» (Ақтөбе қаласы бойынша) тақырыбында кандидаттық диссертациямды сәтті қорғадым. Одан соң, 1988 жылдың қыркүйек айынан бастап, ҚазССР-ның жоғары және орта арнайы білім беру Министрлігінің жолдамасы бойынша, Ақтөбе педагогикалық институтының ректоры Мұхтар Арыновтың шақыруымен Алматыдан Ақтөбеге қоныс аударып, «КОКП тарихы және саяси экономия» кафедрасына аға оқытушысы қызметіне қабылдандым.

Ғылым шыңының бел ортасына шыққасын бұл дүниеде әрбір нәрсені жұп-жұбымен жаратқанын байқайдым. Соның ішінде сана сезімі берілген адам баласының жұпсыз болып жүруі оған ерсі нәрсе болып көрінеді екен. Осы олқылықтың орнын тез арада толтыру мақсатында, енді өзіме лайықты жар іздеу мәселесіне кірістім. Бұл өмірдің мәні де, сәні де, берекесі де сүйікті жарыңа байланысты екенін түсіндім. Сон-

менің өмірім

дықтан 1988 жылдың шілде айында алматылық Лазира деген ару қызды көндіріп, Ақтөбеге алып келіп, отбасын құрдық.

— Жүріс-тұрысыңыз жеңіл, елгезек жансыз, сондықтан зейнетке шыққаныңызды сезбей де қалдық. Өткеніңізге шолу жасаған да не нәрсеге қуанып, не нәрсеге өкінесіз?

— Әр адамның әр түрлі хоббиі, яғни сүйікті ісі болады. Менің хоббиім — кітапханаға барып газет-журналдар оқу, жаңа әдебиеттерді қарау, оқулықтар мен ғылыми-публицистикалық сипаттағы мақалалар жазу, ардагер-ұстаздар мен ғалымдармен араласып, өмірлік тәжірбиесімен бөлісіп, олардың кітапхана қорымен танысу. Енді жаңа экономикалық мамандықтар ашуда және кадрларды дайындауда бұрынғы ректорлар: Мұхтар Арын, Кенжеғали Кенжебаев, профессорлар: Үкітай Байжомартов, Жақсылық Тасмамбетов, Халел Кусаинов, доценттер: Үбайдолла Мәмбетов, Раушан Түсіпбекова, аға оқытушы Күлпаш Дүйсенбаева және т.б. ғалымдардың қосқан үлестері зор екенін атап өтейін. Өз ісіне берілген осындай жандармен бірге еңбек еткеніме қуанамын.

Өкінетін тұсым да бар, жас шағымда аз қыдырып, аз демалдым, бос өткізген уақыттарым болды.

Қазір қуанатыным — білімді жастар көбейіп келеді. Білімді жастар — еліміздің тірегі, болашағы. Жастардың сапалы білім алып, саналы азамат болуы үшін де қазіргі заманда білім, ғылым және мәдениетке аса көп назар аударатыны, ғылыми прогресті дамыту үшін көп қызмет атқарып, бұл — еліміздің экономикасының қарыштап дамуындағы бірден-бір оң өзгеріс екені баршамызға айқын. Факультеттің ең үлкен мақтанышы — түлектері. Экономика мамандықтары бойынша бес мыңнан астам жоғары білікті мамандар даярланды. Көптеген түлектер ғылыми-педагогикалық қызметте өз орындарын тауып, белгілі нәтижелерге жетті. Біздің түлектеріміз Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясының иегерлері атанды және магистратура мен докторантураның толық курстарын Ресей, Қытай және Еуропаның ең жақсы жоғары оқу орындарында өтті. Факультеттің ең жақсы студенттерінің есімдері университет шегінен тыс жерлерде де белгілі болды.

— Адамның тағдырына ықпал ететін жан әркімде бар. Менің ұғуымша, сізге әжеңіздің берген бағыты дұрыс болған-ау.

— Мені нағашы әжем бауырына басып алған, ол XIX ғасырдың адамы, 1897 жылы дүниеге келген, атам болса Ұлы Отан соғысында қайтыс болған. Өзім Қобда ауданы, Бестау (Пятигорка) ауылында мұғалім отбасында дүниеге келдім. Әжемнің өмірлік ұстанымы: «Таспен ұрғанды аспен ұр», — дейтін, яғни мейірімді, кешірімді бол деп айтушы еді. Бүгінде бұл қағидатты ұстанамын, адамдардың бәрімен жақсы қарым-қатынастамын. Мектепте оқып жүргенде оқу бөлімінің меңгерушісі, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Өмірбаева Күләш апай сабақтан тыс уақытында 5-8 сынып оқушылары арасында үйірме жұмыстарын ұйымдастыратын. Сол үйірменің белсенді мүшесі мен де болатынмын. 1969-1970-ші оқу жылында класс жетекшісі болып Қайтбаева Бөбен апай тағайындалды. Осы жылдары, яғни бесінші сыныптан бастап, сегіз жылдық орта мектепті бітіргенше дейін өлең шумақтарын екі дәптерге толтырып жазыппын. Жақсы өлеңдерімді газетке жіберіп отырдым. Мысалы, 1971 жылдың қаңтар айында «Қазақстан пионері» газетінің «Әдебиет» бөлімінің меңгерушісі Ескен Елубаевтан мынадай хат келеді: «Біздің газетте «Талабың таудай болсын!» рубрикасымен оқушылардың тәуір деген өлең-әңгімелерін анда-санда беріп тұрады. Оны өзің де оқып жүрсің. Ал үнемі оқушылардың хатын жариялап отыруға мүмкіндіктеріміз жоқ. Талпынғаның жақсы, шығарма басылмады деп ренжіме. Ең бастысы күнделікті сабағыңды жақсы оқы, бұл басты міндет». Осы хат мені жігерлендіріп, шабытыма шабыт қосып, өлең шумақтарын боратып жаза бастадым, ауыл балаларының арасында мен туралы «ақын, жазушы» деген лақап та тарап кетті. 1973 жылы Қаратал сегіз жылдық мектебін бітіріп, 9-10 класты Алматы қаласындағы №12 орта мектепте оқыдым. Менің өлең шығарудағы бір ерекшелігім таңертең үйілген шөптің үстіне шығып өлең жазатынмын, Алматы үлкен қала, ондай мүмкіндік болмады, шабытым келмеді, бірақ жазушылық қабілетім сақталып қалды. Ал бірнеше жылдан кейін болашақ экономистерге оқулықтар жазамын деп ойлаған жоқ едім.

— Менің факультетім — менің өмірім деуіңізге болады. Факультеттің даму жолының куәгерісіз. Алдағы жұмысына қандай тілегіңіз бар?

— Менің факультетім — «Менің туындым», егер сөзбе-сөз айтсақ, бұл «Менің балам» сияқты естіледі. Осы экономика факультеті құрылғаннан бері жұмыс істегеніме биыл 30 жылдан асыпты. Ұжымның ірге тасын қалаушылардың бірі, атасы — профессор Үкітай Байжомартов пен доцент Үбайдулла Мәмбетов, екеуі де бұл дүниеден өтіп кетті. Ұлағатты ұстаздардың жас ұрпаққа көрсететін үлгісі ретінде екеуіне де оқу-әдістемелік кабинет ашылды. Оқу-әдістемелік кабинеттерде білім алатын жас экономистер мен болашақ ғалымдар үшін олардың өмір жолы үлгі.

XXI-ші ғасыр жаңа технологиялар, жаңа ақпараттар, жаңа мүмкіндіктер заманы. Нарықтық қатынастар кез келген саладағы маманнан қатаң бәсекелестік жағдайында тез жол таба білу, күнделікті болып жатқан жаңа да күрделі өзгерістерге тез биімделе білетін кәсіби шебер мамандарды қажет етеді. Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында жастардың білім алуына, бәсекеге қабілетті маман болуына ерекше көңіл бөледі. Білімді жастар — мемлекеттің ұлы қазынасы болып табылады. 30 жыл тарихы бар біздің факультет осы мақсатты іске асыруда өз үлесін қосып келеді. Біздің университет алыс және жақын шетелдердің атақты жоғары оқу орындарымен ғылыми байланыста жұмыс жасайды, білім алушылардың ғылыми жұмыстарына ерекше мән береді. Осы бағытта әр түрлі деңгейде өткізілетін ғылыми форумдар студенттердің дүниежүзілік білім жүйесіне араласуына мүмкіндік береді, олардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырады. Алдына айқын мақсат қоя алатын, жігерлі, дарынды, білімді, тәрбиелі жастар — еліміздің берік негізі болып табылады. Білім арқылы өздеріңізді, қоршаған ортаны өзгертуге болады демекпін.



Экономика факультетінің ғимараты, 1998 жыл.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

ҚАЗАҚСТАНДА СТУДЕНТТІК БІРЛЕСТІК ҚҰРЫЛАДЫ

Бұл шешім Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде еліміздегі жоғары оқу орындары студенттерінің қатысуымен «СЕНІҢ СӘТІҢ» Республикалық студенттер форумы кезінде қабылданды. Оған еліміздің 54 жоғары оқу орнынан 150 студент қатысты. Іс-шара ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен өтті.

Форумның мақсаты еліміздегі жастардың ынтымағын арттырып, университет жастары арасында достық қарым-қатынас орнату болды.

Форумға келген Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысушылармен ашық диалог өткізді. Жастар министр алдында жас мамандарды жұмысқа орналастыру, жатақханалардағы орын тапшылығы, жол төлемдері бойынша есеп беру сияқты өзекті мәселелерді көтерді.

Форум аясында Министр жанындағы студенттік кеңестің отырысы өткізіліп, онда елімізде студенттік бірлестік құру жайлы бастама көтерілді. Бастаманы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері ұсынды. Алдағы уақытта «Kazakhstan Student's Union» республикалық студенттік бірлестігі құрылатын болады. Ұйым студенттердің мүдделерін қорғаумен айналысады. Болашақта студенттік ұйымды Болон процесі аясында Еуропалық студенттер одағының (ESU) құрамына кіргізу де жоспарланып отыр.

ESU студенттердің білім беру, әлеуметтік, экономикалық және мәдени мүдделерін еуропалық деңгейде барлық тиісті органдарға, атап айтқанда Еуропалық Одаққа, Еуропа Кеңесіне және ЮНЕСКО-ға қатысты ұсыну және ілгерілетумен шұғылданады.

В КАЗАХСТАНЕ БУДЕТ СОЗДАНО СТУДЕНЧЕСКОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ

Такое решение было принято в ходе республиканского студенческого форума «СЕНІҢ СӘТІҢ», прошедшего в Атырауском университете имени Х.Досмухамедова. В нем приняли участие 150 студентов из 54 высших учебных заведений страны. Мероприятие прошло при поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. Цель форума — повышение сплоченности молодежи страны и установление дружеских отношений между университетской молодежью.

Принявший участие в работе форума министр науки и высшего образования Саясат Нурбек провел открытый диалог с участниками. Молодежь поднимала перед министром насущные вопросы, такие как трудоустройство молодых специалистов, нехватка мест в общежитиях, отчетность по дорожным сборам.

В рамках форума состоялось заседание студенческого совета при министре, где была выдвинута инициатива о создании студенческого объединения в стране. Предложение выдвинули студенты Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева. Будет создано республиканское студенческое объединение «Kazakhstan Student›s Union». Организация защищает интересы студентов. В дальнейшем студенческая организация планирует войти в состав Европейского студенческого союза (ESU) в рамках Болонского процесса.

Отметим, что целью ESU является представление и продвижение образовательных, социальных, экономических и культурных интересов студентов на европейском уровне по отношению ко всем соответствующим органам и, в частности, к Евросоюзу, Совету Европы и ЮНЕСКО.

STUDENT ASSOCIATION ESTABLISHED IN KAZAKHSTAN

This decision was made during the republican student forum, held at the Atyrau University named after Kh.Dosmukhamedov. It was attended by 150 students from 54 higher educational institutions of the country. The event was supported by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

The purpose of the forum is to increase the cohesion of the country's youth and establish friendly relations between university youth.

Minister of Science and Higher Education Sayasat Nurbek, who took part in the forum, held an open dialogue with the participants. The youth raised pressing issues before the minister, such as the employment of young professionals, the lack of places in hostels, reporting on road fees.

Within the framework of the forum, a meeting of the student council under the minister was held, where an initiative was put forward to create a student association in the country. The proposal was put forward by students of the Eurasian National University named after L.N.Gumilyov. A republican student association «Kazakhstan Student's Union» will be created. The organization protects the interests of students. In the future, the student organization plans to become part of the European Student Union (ESU) as part of the Bologna process.

It should be noted that the goal of ESU is to represent and promote the educational, social, economic and cultural interests of students at the European level in relation to all relevant bodies and, in particular, to the European Union, the Council of Europe and UNESCO.

☑ Ramadan 2023

Наурыз мерекесімен тұстас Рамазан

Биыл қасиетті Рамазан айы Ұлыстың ұлы күнін қарсы алған күннің ертесіне басталды. Осы ерекшелікті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандастарын Наурыз мейрамымен құттықтауында атап өтті.

«Бірлік түбі — береке» дейді халқымыз. Қоғамда келісім және татулық болса, еліміз көздеген мақсатына жетеді.

Біздің мақсатымыз — айқын. Бұл — Әділетті Қазақстанды құру. Осы жолда бәріміз бір кісідей жұмылайық, ардақты ағайын!

Биыл қасиетті Рамазан айы Ұлыстың ұлы күнімен қатар келді. Ораза ұстайтын жамағаттың ниеті қабыл болсын! Әр шаңыраққа қыдыр қонып, бақ дарысын! Жаңа жыл құт-береке әкелсін!

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!», — деді Президент.

Ал Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстандықтарды Рамазан айының басталуымен арнайы құттықтауында:

«Ардақты ағайын! Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл — күллі мұсылман қауымы үшін мән-маңызы айрықша мезгіл. Адамзатты рухани тазаруға және жанжақты кемелденуге бастайтын осы айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі. Ата-бабамыз Рамазанды «он екі айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Ораза ұстаған жамағатқа ауызашар беріп, бір-біріне ерекше құрмет көрсеткен».

Салт-дәстүрімізбен сабақтас асыл дініміз ғасырлар бойы Ұлы далада елдің бірлігін және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды роль атқарып келеді.

Мейірімділік айында халқымыз игі істерін еселеп, сауапқа кенеле берсін! Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Ораза қабыл болсын!", — делінген бұл туралы Ақорданың әлеуметтік ресми парақшасындағы хабарламада.

Биылғы ораза 23 наурызда басталып, 20 сәуірде аяқталады.

Жарамазан жыры

«Жарамазан» сөзінің мағынасы жайлы филология ғылымдарының кандидаты, араб әдебиеті (құрантану) бойынша ғылым магистрі, дінтанушы-ғалым Айнұр Әбдірәсілқызы былай түсіндіреді: «Жарамазан» сөзі арабтың «Жәъә рамазан» деген тіркесінен шыққан. Ол «Рамазан келді» деген ұғымды білдіреді.

Яғни «Жарамазан» деген бір ауыз сөз арқылы біз Ораза айының келгенін әйгілеп, сүйінші сұраймыз, мұсылмандық парызды еске саламыз. Қасиетті айдағы құлшылыққа құлшынамыз және құлшындырамыз...

Сондықтан атамыз қазақ осы бір сауапқа толы әдемі үрдісті — Жарамазан айтуды кеңінен таратқан.

Біздің бала кезімізде үлкен-кіші, жас-кәрі демей, бәрі жарамазан айтатын. Жарамазан жырларының халық аузында қалыптасқан небір айшықты үлгілері болатын...».

Жарамазан туралы Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Жарамазан — Рамазан деген сөзден шыққан, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тысында тұрып, жарамазан өлеңін айтады. Ораза ұстаған адамдар, сауап болады деп, жарамазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, бір шаршы шүберек, басқа сол сияқты нәрселер береді. Жарамазанды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болады. Жарамазанды екі адам болып жүріп айтады. Бірі жарамазан айтқанда, екіншісі қостаушы болады».

Сонымен жарамазан айту — ұлттық дәстүріміздің құрамдас бөлшегі. Жарамазан айтушылар ақындық, сөздік шеберлігіне қарай жарамазан айтып барған үй иелерін мақтап әндетеді.

«Шаңырағы осы үйдің шап-шақ қана,
Осы үйдегі жеңешем аппақ қана.
Сақылығын көрген соң ырза болып,
Жеңешемді жүремін мақтап қана!
Жарамазан айта келдім есігіңе,
Қошқардай қос ұл берсін бесігіңе!
Қошқардай қос ұл берсе бесігіңе,
Жауға шауып, батыр болсын несібеңе», — деген нұсқасы танымал. Жарамазан соңында бата беріледі.

Батаның бір нұсқасы былай болып келеді:

«Балалардың мінгені,
Жорға-жорға тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Байдың көңілі жай болсын.
Ай жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын.
Күн жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын…
Бөлшіл-бөлшіл, бөлшіл бол,
Бозторғайдай төлшіл бол.
Бәйтеректей бүрлі бол,
Пайғамбардай нұрлы бол.
Бисмилла, аллаһу акбар!
Бұрама темір, сым темір,
Отқа салса жанбасын,
Суға салса батпасын.
Тәңір берген нәсібе
Тепкілесе кетпесін!
Әумин!»

Жарамазан негізінде он бір буынды қара өлең ырғағымен келеді. Әр шумақ айтылып болған соң арасында: «Мұхаммед үмбеті айтқан жарамазан, Оразаң қабыл болсын ұстаған жан» деген тілек қайталанып отырады.

Биыл Алматыда Орталық мешіттің ұйымдастыруымен жарамазан айтушылардың байқауы өтеді. Бұқаралық байқаудың мақсаты — Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы 2023 жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялауына орай «Дін мен дәстүр» сабақтастығы аясында ізгі қоғам құруда халық арасында ұлттық құндылықтарымызды, дәстүріміздің дәріптеу, ұмытыла бастаған игі дәстүрлерді қайтадан сәнге айналдыру, халықты он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен сүйіншілеу, оразаның рухани-моральдық, этикалық қасиеттерін насихаттау.

Ораза кестесі (Ақтөбе бойынша)

Рамазан айы	Апта күндері	Наурыз және Сәуір	Таң (Сәресі бітетін уақыты)	Күннің шығуы	Бесін	Екінті	Ақшам (Ауызашар уақыты)	Құптан
1	Бейсенбі	23 Наурыз	05:38	07:04	13:23	17:36	19:33	20:59
2	Жұма	24 Наурыз	05:36	07:01	13:23	17:37	19:35	21:01
3	Сенбі	25 Наурыз	05:33	06:59	13:22	17:38	19:37	21:03
4	Жексенбі	26 Наурыз	05:31	06:57	13:22	17:39	19:38	21:05
5	Дүйсенбі	27 Наурыз	05:28	06:55	13:22	17:41	19:40	21:07
6	Сейсенбі	28 Наурыз	05:26	06:53	13:22	17:42	19:41	21:08
7	Сәрсенбі	29 Наурыз	05:23	06:50	13:21	17:43	19:43	21:10
8	Бейсенбі	30 Наурыз	05:21	06:48	13:21	17:44	19:45	21:12
9	Жұма	31 Наурыз	05:18	06:46	13:21	17:45	19:46	21:14
10	Сенбі	1 Сәуір	05:16	06:44	13:20	17:47	19:48	21:16
11	Жексенбі	2 Сәуір	05:13	06:42	13:20	17:48	19:49	21:18
12	Дүйсенбі	3 Сәуір	05:11	06:40	13:20	17:49	19:51	21:20
13	Сейсенбі	4 Сәуір	05:08	06:37	13:19	17:50	19:52	21:22
14	Сәрсенбі	5 Сәуір	05:06	06:35	13:19	17:51	19:54	21:24
15	Бейсенбі	6 Сәуір	05:03	06:33	13:19	17:52	19:56	21:26
16	Жұма	7 Сәуір	05:01	06:31	13:19	17:53	19:57	21:28
17	Сенбі	8 Сәуір	04:58	06:29	13:18	17:55	19:59	21:30
18	Жексенбі	9 Сәуір	04:55	06:27	13:18	17:56	20:00	21:32
19	Дүйсенбі	10 Сәуір	04:53	06:24	13:18	17:57	20:02	21:34
20	Сейсенбі	11 Сәуір	04:50	06:22	13:17	17:58	20:04	21:36
21	Сәрсенбі	12 Сәуір	04:48	06:20	13:17	17:59	20:05	21:38
22	Бейсенбі	13 Сәуір	04:45	06:18	13:17	18:00	20:07	21:40
23	Жұма	14 Сәуір	04:42	06:16	13:17	18:01	20:08	21:42
24	Сенбі	15 Сәуір	04:40	06:14	13:16	18:02	20:10	21:45
25	Жексенбі	16 Сәуір	04:37	06:12	13:16	18:03	20:12	21:47
26	Дүйсенбі	17 Сәуір	04:34	06:10	13:16	18:04	20:13	21:49
27	Сейсенбі	18 Сәуір	04:32	06:08	13:16	18:05	20:15	21:51
28	Сәрсенбі	19 Сәуір	04:29	06:06	13:16	18:06	20:16	21:53
29	Бейсенбі	20 Сәуір	04:27	06:04	13:15	18:07	20:18	21:55

Сәуір айының 17-нен 18-не қараған түн - Қасиетті Қадір түні
21 сәуір - Ораза айт
Пітір садақасы жан басына 535 теңге

Рамазан айының мәні

Қазақ халқы рамазанды ежелден ерекше қастерлеген. «Он екі айдың сұлтаны», — деп атап, жарамазан жырын айтып, оразаның келгенін қуанышпен хабарлап, насихаттаған. Ауызашар дастарқаны рухани сұхбат құрып, бата берілетін, ізгі тілек ортасы болған. Ауыз бекіткен адам айрықша құрметтеліп, оған ауызашар берілген. Осы бағыдан келе жатқан салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз бүгінде қайта жаңғыруда.

Рамазан – қасиетті Құран түскен ай. Бұл айда адам баласын тура жол мен бақытқа бастайтын, ақиқат пен жалғанның аражігін ажырататын Құран аяттары түсе бастады.

Дайындаған
Гүлнара Дауылбайқызы

☑ Nauryz 2023

Тіршілікке нәр берген Көктем келді, Көктем тойы басталды. Қардың көбесі сөгіліп, жерге көк шалғын шыға бастады. Жақында сәмбі талдар бүршік жарып, жыл құстары оралады. Біз жақта көктем кеш шыққанымен, Көктемді тойлау ерте басталады. Той басы — Көрісу күні, Амал мерекесі. Соңы Наурыз мейрамына жалғасады.

Кеңес үкіметі жылдары,1926-1988 жылдар аралығында Қазақстанда Наурыз тойланбаған. Мейрамды тойлау тек 2008 жылы басталды. Одан кейін 2009 жылы Наурыз мейрамы ЮНЕСКО тарапынан адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативті тізіміне енді. Сол кезден бастап 21 наурыз — Халықаралық Наурыз күні болып жарияланды.

Көктем п

Сән-салтанатымен тойлады

Zhubanov University ұжымы Амал мерекесін сән-салтанатымен тойлады. Университет ұжымы қазақ халқының береке мен бірлікке толы мерекесінің өскелең ұрпаққа мән-маңызын ұлықтады.

Алдымен Мұхтар Арын атындағы бас ғимаратта ақ дастарқан жайылып, университет ұжымы мен білім алушылары наурыз көже мен ұлттық тағамдардан ауыз тиді. Сонымен қатар жиналған қауым ұлттық нақыштағы киімдерден қойылған көрмені тамашалады. Өнерлі жастар патриоттық сарындағы әндер орындап, биші қыздар мың бұрала би биледі. Мерекелік кеште жастар жарамазан жырын айтып, қонақтарға кәде сыйлар таратылды.

Басқарма мүшесі, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор Рахым Бекназаров Амал мерекесінің тәрбиелік маңызын атап өтті. Бұл күні университеттің барлық оқу ғимараттарында мерекелік шара ұйымдастырылды.

Жадыра Әрен

Амал мерекесі туралы

Бұл күні кейінгі буын өкілдері жасы үлкен адамдарға арнайы барып сәлем береді. Кең даланы ен жайлаған бабаларымыз үшін қыстан аман шығудың маңызы зор болған. Ал, көктем келіп, Жер ана жаңарған шақта бір-бірімен сағынысып жүздеседі. Ең бастысы, көрісу кезінде адамдар арадағы өкпе-ренішті ұмытып, ағайын-туыстың амандығын тілейді. Бұл күннің шығу тарихына қатысты ғалымдар әрқилы пікір айтады. Кейбір зерттеушілер күнтізбенің ауысуымен байланыстырса, енді бірі Наурыз мерекесінің басы ретінде қабылдайды.

Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Бөкенбайұлы Сабыр көрісу айты туралы өз ойымен бөлісті.

«14 наурыз «Көрісу айты» – көрісу күні емес. Ауызекі тілде көрісетін күн дегенмен, бұл бір күнмен шектелмейтін мейрам. Ежелде күллі қазақ даласында болған мереке, кейін ұмыт қалып, Батыс аймақтарында сақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазбаларында ертеде «14 наурыз, ескіше 1 наурыз көктемнің бірінші күні деп қазақ «Наурыздама» тойлайтын еді, Ол 8, 9 күнге созылатын еді» дейді. Яғни 22 наурыз күн мен түннің теңелуі, мерекенің шыңы. Қыс мезгілінің толық бітуі. Ал қыстан аман-есен шыққан қазақтар, қыс бойы бірін-бірі көре алмаған ағайын туыс қозыдай жамырасып көрісіп, «бір жасыңмен» деп амандасатын болған. Оның шектеулі күні жоқ, наурыздың 14-нен бастап 1 айға дейін қыстай көрмеген ағайындар іздеп келіп, қауқылдасып көрісетін болған», — дейді Мұрат Сабыр.

«Көрісу айты» дәстүр ретінде Кеңес заманында да ауылдарда жақсы сақталды. Таңертең ерте тұрып, жастар үлкендермен амандасады. Балалар үй-үйді аралайды. Оларға үлкендер тәтті тоқаштар, бауырсақтар береді. Негізі үш үйдің есігін ашып, көрісіп шығу керек.

Әжелеріміз сандықтарын ашады. Қыстай киілмеген киімдер болса, олар да күн көрсін деп сыртқа, күн көзіне іледі. Бауырсақ пісіріліп, қазан асылады, көже қайнатылады. Ұлыстың ұлы күні — күллі қауымның жыл бітуімен, жаңа жылдың, жаңа күннің, Наурыздың тууымен бір-біріне ақ тілек тілеуі, өкпе-наздың ұмытылуы.

Бұл исламға дейінгі, монғолға дейінгі сонау көне түркі замандарынан қалған мереке. Ислам діні жетпеген Сібір түркілерінде де осыған ұқсас мей-

пойы

рамдар бар. Мәселен, Якутияда, Саха бауырларымыз маусым айында 22-24-терінде ұлттық мерекесін тойлайды. Ол «Ысаах» деп аталады. Ұлттық ойындар ойналып, ұлттық тағамдар пісіріліп, келген қонақтар қымызбен аласталады. Көктемнің шығуы, жаңа күнді қарсы алу. Халық далаға шығып, бір-бірімен қол ұстасып, дөңгеленіп тұрып, өлең-жырларын айтып, күнді қарсы алады.

Оғыздарда, әсіресе Анадолы түріктерінде көрісу мерекесі бар. Жастар үлкендердің қолын сүйіп, маңдайына тигізеді. Балаларға үлкендер тиын-тебен, кәмпит, бауырсақ береді. Сондықтан «Көрісу айтының» тамыры тереңде.

Соңғы кезде біреулер «айт» сөзінен үркіп, бұл діни сөз, тек ораза айт пен құрбан айт дегенде қолданылады, «Көрісу күн», «Амал мерекесі» деп айтқан дұрыс деген де пікірлер білдіріп жүр.

Әрине, «айт» араб-парсы тілінен кірген кірме сөз. Қазақ тілінде 15 пайыз араб-парсы тілінен кірген кірме сөздер бар. Кірме сөз қазақ тіліне қызмет жасау үшін кіреді де, сол ұлттың сөзіне айналады. Сол ұлттың таным-түсінігіне бағынады. «Айт» сөзі қазақта «мереке, мейрам» мағынасында қолданылып, сіңіп кеткен. Сондықтан ежелден «Көрісу айты» деп қолданған.

Маңғыстауда «Амал мерекесі» деп айтады. Бұл да дұрыс шығар. Бірақ амалдар жыл бойы, әр ай сайын болатын табиғат құбылысы, табиғаттың күрт өзгеруі. 14 наурыз амал – жаңа жыл, көктемнің бірінші күні, осы күні қар да жауады. Оны наурыздың ақша қары дейді. Үлпілдеген аппақ қар. «Қыз Жібектің ақтығы, Наурыздың ақша қарындай» демекші, мұндай қар тез еріп кетеді. Осындай қарды кейде «құс қанаты» дейді. Басқа амалдар тойланбай, ең ерекше амал 14 наурыз тойланып, ол салт дәстүрге айналып, ұлыстың мерекесіне, айтына айналған.

«Көрісу айты» Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облысының кей аудандарында, Қарақалпақстан, Түркіменстан қазақтарында, Ресей Федерациясының Саратов, Самара, Орынбор, Астрахан аймақтарында сақталған.

Дегенмен, тағы бір филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті Азамат Мамыровтың да бұл орайда өзіндік пікірі бар.

«Көрісу – айт емес, бұл көрісу күні. Негізі осы көрісу күнін жайықтың жұрты, әр жағындағы Атырау, Каспий елі тойлайды. Кейбір ішінара Ақтөбенің Оралға жақын ауылдары тойлайды. Көрісу күні бұл адамзат баласын, соның ішінде қазақты бір-біріне жақындастыратын үлкен бір жақсы күн. Үлкендерге барып сәлем беру, аға буын мен іні буын арасындағы сабақтастықты жалғайды. Және бұл жалпы қазақтық сипат алған мереке».

Жанат ЖАНГЕЛДІ
https://baq.kz/amp/news/
(қысқартылып алынды)

Амал мерекесін тамашалаған журналист Гүлнара Қараша

☑ Faculties

Special pages
Арнайы беттер

ҰСТАЗДАРДЫҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған ҚР Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде мұғалімдер даярлау ісін арттыру үшін пәрменді шаралар қабылдап, білім беру жүйесіндегі менеджментті жақсартуға басымдық беруді тапсырды. «Білім беру саласында ұстаз — ең басты тұлға. Оның қоғамдағы абырой-беделін арттыра беруіміз керек. Алайда мұғалімдердің, директорлардың және педагогикалық оқу орындары түлектерінің көпшілігі Ұлттық біліктілік емтиханынан өте алмады. Маған кейбір тәжірибелі ұстаздар тиісті министрлік дайындаған тапсырмалар тым күрделі деп шағымданды. Бәлкім, оны жеңілдету, жетілдіру керек шығар. Бұл салада қатып қалған қатаң ереже болмауы керек. Бірақ негізі, ұстаздарға қойылатын талап жоғары болуға тиіс.

Мұғалім тапшылығын желеу етіп, мектепке кез-келген адамды жұмысқа ала беруге болмайды. Мұндай әрекет ұстаздардың біліктілік деңгейін күрт төмендетеді. Сол себепті мұғалім даярлау ісін жетілдіру үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл — өскелең ұрпақтың болашағына байланысты өте маңызды міндет», — деді Президент.

Осыған орай Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі осы бағытта кешенді жұмыс бастады. Екі ведомстволық бірлескен кеңесі өтіп. Оған қатысқан жүзден астам қатысушы педагог кадрларды сапалы даярлаудың өзекті мәселелерін, негізгі басымдықтар мен оларды шешу жолдарын талқылады.

Басқосу қорытындысымен заманауи сапалы педагогтерді даярлау мәселелері жөнінде ведомствоаралық кеңесін құру туралы шешім қабылданды. Кеңес кадрлардың сапасын арттыру және білім беру ұйымдарын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі бұрын атқарылып жатқан жұмыстарды жалғастыратын болады.

Сессияға қатысқан Zhubanov University ректоры Лаура Қарабасова Facebook әлеуметтік парақшасында пікірін білдіріп, «Жиында Мемлекет басшысы соңғы жылдары білім саласында оң өзгерістер бар екенін айта келе, алдағы міндеттерге тоқталды.

Ғылыми зерттеу нәтижелері өндіріске енгізілуі тиіс. Сапалы білім — адам капиталына құйған басты инвестициямыз болып қала береді. Осы ретте өзекті мәселелердің бірі — мұғалім даярлау ісін жетілдіру болып тұр.

Білім беру жүйесіндегі менеджмент тақырыбы жеке талқыланды. Президент білім беру саласын басқаруға нағыз кәсіби мамандарды тарту қажеттігін айтып өтті. Білім саласына өзгеріс әкелетін 1 мың маман арнайы дайындықтан өтетіні айтылды. Осыған орай, тиісті бағдарлама да қабылданбақ. Бұл бастамадан үлкен үміт күтемін. Білім беру жүйесіне бәсекеге қабілетті, білімі мен біліктілігі жоғары менеджерлер пулын жасақтау — уақыттың талабы екені анық», — деп жазды.

Ұстаздардың алтын ұясы — Zhubanov University Педагогика факультеті Ақтөбе өңіріне және көршілес облыстарға 40 жылға жуық уақыт ішінде педагог кадрлар даярлап келеді. Осы жыл аралығында факультетте көптеген академиялық дәрежелі бакалавр және магистр мамандар дайындалды. Үлкен құрылымның 12-ші басшысы Жанна Азатқызы Жусуповамен көктем жайлы сырласып, факультеттің қазіргі атқарып жатқан жұмысымен танысқан журналист Гүлнара Қараша.

ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫН ИГЕРУ ОҢАЙ ЕМЕС

— Жанна Азатқызы, қайырлы күн, мереке мерекеге жалғасып жатыр. Наурыз айын — мерекелер айы десе болар. Қалай өткізіп жатырсыз? Мерекені жақсы көресіз бе?

— Қайырлы күн, Гүлнара Дауылбайқызы. Иә, әрине. Себебі, әр мерекенің өзіндік мәні мен ерекшелігі болады. Жаңа жылымыз саналатын — әз-Наурыз мерекесінде бар қазақ ұлан-асыр той жасап, арқа-жарқа болады. Наурыз мерекесі осы жылы да дәстүрлі қалыппен тойланды. Қала аумағында кең көлемде халықтық мерекелік шара өтіп, өңір жұртшылығы мәре-сәре болды. Наурыз көже мен бадана бауырсақтан да бар халыққа дәм ұсынылды. Хәкім Абайша айтқанда, Наурыз тойы қырдағы ел ойдағы елмен араласқандай әсер қалдырды. Сіз бен біздің, барша аяулы аналар мен ардақты арулардың мерекесі — 8 наурыз — Халықаралық әйелдері күні де дәл осы айға тоғысқан. Ол күнгі мереке мен үшін ерекше есте жатталды. Бұл күні балаларым мен немерелерімнен жеткен «тосын сыйдың» төресі — хош иісті әсем гүлдер өзімді күні бойына мерекелік көңіл-күйге бөледі. Оның үстіне олардың перзенттік тілектерін қоса естігінде шынымен бақытты күйге енемін. Енді міне, ақтың молайып, тіршіліктің жаңарып, күннің ұзаратын, көңілдің кеңитін кезеңі — Наурыз айы да соңына жетіп қалды.

— Педагогика факультеті салмақты факультет. Университеттің алтын діңгегі десек артық сөз емес. Өңірдегі педагогтар қауымының 70 пайызы факультет түлектері. Әлде бұл саннан да көп пе?

— Иә, сізбен келісемін. Оқу ордамыздан жыл сайын 200-ден астам түлектерді қанат қақтырып, ұшырып жатамыз. Оларды жұмысқа орналастыру көрсеткіші 90 пайызды қамтиды. Себебі, педагогикалық бағыттағы 5 білім бағдарламасы бойынша түлектеріміз жаппай жұмыспен қамтылған. Қай білім беру мекемесіне барсақ та, алдымыздан түлектеріміз кездесіп жатады. Сондайда төбеміз көкке жеткендей күй кешеміз. Жалпы факультетте Ақтөбе облысының ғана емес, Сыр елі, жыр елі — Қызылорда, маңғаз өлке — Маңғыстау, мұнайлы астана — Атырау сынды өзге өңірлердің де жастары білім алуда.

— Алған білім мен тәрбиені ақтап, педагогтік еңбекті шебер меңгерген, есімдері ел алдында танымал түлектер бар ғой. Олармен жолығып қалғанда қандай сезім күйін кешесіз?

— Иә, сөзіңіздің жаны бар. Қазіргі таңда факультет аудан, облыс төңірегіндегі мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептермен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Білім беру ошақтарында түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылып жатады. Соның бір мысалы ретінде, жақында ғана №72 мектеп-лицейінде ұйымдастырылған әдістемелік семинарды атауға болады. Оған 2007 жылы бітірген түлегіміз, Мартөк ауданынан бастауыш сынып мұғалімі Гүлнара Дүйсенғалиева қатысып, өз тәжірибесімен бөлісті. Одан өзге, Ұ.Құлымбетов атындағы №64 орта мектебінде ұйымдастырылған халықаралық әдістемелік семинар-тренингте факультет түлегі Тоғжан Жеткергенова ашық сабақ көрсеткенде, төбеміз көкке жеткендей әсер сезілді. Осының өзі олардың өз мамандықтарын жетік меңгергенін көрсетеді. Сол секілді тағы да көптеген түлектеріміз көңілге тоқыған білімдерін өз өмірлеріне жаратып, бүгінде әрбіреуі білім беру саласында төбе көрсетіп келеді. Факультеттің осындай түлектерімен жолыға қалғанда кеудені еріксіз мақтаныш сезімі кернейтіні де жасырын емес. Уақыт қандай жүйрік десеңізші. Кешегі студент, бозбала мен бойжеткен шәкірттеріміз бүгінде бір-бір кәсіби маманға айналды. Диқанға өзі еккен ағашы жеміс берсе, содан асқан бақыт болмайды. Осы тәрізді ұстаз үшін де шәкіртінің жеткен жетістігінен асқан мерей жоқ. «Тауларға биіктік жарасады» деп бекер айтпаған ғой. Біздің шәкірттеріміз өмірде өз мамандықтарын осылай шебер меңгере білгендіктерімен биік, әрине.

Жанна Жусупова
Zhubanov University
Педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

АЛТЫН ҰЯСЫ

Мекенжайы:
Әлия Молдағұлова даңғылы, 34,
М.Арын атындағы
Бас оқу ғимараты.
Сайт: pf.arsu.kz
Телефон: +7 (7132) 24-95-74
E-mail:
institut.pedagogiki.14@mail.ru
Facebook: Педагогика Факультеті
Instagram: zhubanov_ped

— Педагогика факультетінің заман ағымына сай тынысы қалай, алдағы мақсат-міндеттер жүзеге асып жатыр ма?

— Өзіңізге де мәлім, күн сайын қарыштап дамып келе жатқан өмір толқыны қоғамнан өнегелі, парасатты, білімді жастарды талап етеді. Және осы орайда көзі ашық, көкірегі ояу, бойында өміршеңдік қабілеті жоғары білікті мамандар ғана елін өрге жетелері сөзсіз. «Заманына қарай — адамы» демекші, қазіргі таңда білім беру ұстаздарға соны, заманауи тұрғыда жұмыс істеуді қажет етеді. Бүгінгі ұстаз әрі ізденімпаз, әрі шығармашылықпен жұмыс жүргізетін, жаңа технологияларды нәтижелі қолдана білетін нағыз шебер болуы керек деп ойлаймын. Осы тұста біздің факультеттің де заман ағымына ілесіп келе жатқанын баса атап өткім келеді. Қазіргі күні көптілді білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат, магистратурада пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Арнайы педагогика», «Әлеуметтік педагогика және тьюторлық» білім бағдарламаларында траекториялар бойынша мамандар дайындауға да үлкен басымдық берілуде. Осының барлығы заман талабына сай қалыптасып жатқан оң өзгерістер. Күн тәртібінде тұрған мақсат-міндеттер әлі де көп, әрине. Басты мақсат — бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

— Факультет деканы болғасын сіздің тарапыңыздан жасалатын ілтипат маңызды. Ұжымыңызда бастамашыл, нәтижелі, сергек деп кімдерді атар едіңіз? Оқытушылар мен білім алушылар ішінен. Есімдерін ғана атамай, еңбектерін де негіздей кетсеңіз.

— Факультетте тәжірибелі оқытушылар мен білімді жастар қызмет етеді. Сол әріптестердің арасында өз жұмысын риясыз көңілмен атқаратын, әркез бастамашыл, ұйымдастырушылық қабілеті де жоғары жандар бар. Солардың бірі ретінде аға оқытушы Жанна Оразованың есімін ерекше атар едім. Тәжірибелі ұстаздың бастамасымен факультетте Жас педагогтар мектебі құрылды. Факультеттегі жас оқытушыларға әдістемелік тұрғыдан шыңдалуына бағыт беру, тәлімгерлік қолдау көрсетуді мақсат еткен мектеп өз жұмысын осы жылдың қазан айынан бастады. Күні бүгінге дейін педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалынды және тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысты, басқа да факультеттің жастарымен педагогикалық квест ұйымдастырылды. Бастамашыл әріптестердің қатарынан деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Абылай Каринов те табылады. «Жас келсе іске» демекші, Абылайдың идеясымен «Life Long Leaning» жобасын қолға алдық. Жоба көмегімен әрбір оқытушы өз тәжірибесі және білімімен бөлісе алады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, белсенді маман қай тапсырманы жүктесем де, адамгершілік пен жауапкершілікті бірінші қатарға қояды. Қашан көрсеңіз де оның сыпайы мінезі мен қарапайымдылығына, еңбекқорлығына тәнті боласыз. Осындайда, қазақ жігіттерінің туабітті тектілігіне тамсанбай, мәртебесіне мақтанбай қалу, әсте, мүмкін емес! Факультет деканы ретінде мен жаңа бастамаларға қолдау танытудан қашанда кенде қалған емеспін.

— Педагог болған жарасымды тұлғалар бар. Бірі — өзіңіз. Киім стиліңіз үйлесімді, ажарыңыз ашық, жүзіңіз жайдары, қызығамыз. Әншілік өнеріңіз бар. Жұмысыңыз жеңіл емес қой. Энергияны қайдан аласыз?

— Жалпы, күшті энергия құпиясы — қарапайым күнделікті дағдыларда деп ойлаймын. Әркім өзіне ыңғайлы спорт түрімен айналысуы қажет. Аса қиын жаттығулар мен биік меже қоюдың мүлде керегі жоқ. 30 минут таза ауаға серуенге шығып, жүгіріп, жаттығу жасаса болғаны. Мен осыны күнделікті таңертеңгі дағдыма айналдырдым. Тек бір ескеретіні, бұлардың барлығын көңілдене жүріп жасаған жөн. Сондай-ақ мен таңертеңгі және кешкі мезгілдерде әркімнің өзіндік рәсімдері болуы керек деген түсініктемін. Дағдыға айналған рәсімдер өмір сүру салтын қалыптастырады. Таңертең күшімді еселеп, ішкі қуатымды арттыратын және көңілімді көтеретін іспен айналысамын. Тіпті, жұмыс уақытында да өз жұмысымды махаббатпен жасауға тырысамын. Ал кешке Жаратқанға алғыс айтып, бір сәтке ішкі үніме құлақ түремін. Өз-өзіме қысқа да нұсқа есеп беремін. Осының барлығы күшімді еселей түсіп, бойыма бөлек энергия сыйлайтындай сезіледі. Сіз айтқан сыртқы ажарымның сыры осыда шығар, бәлкім. Ал, енді әншілік өнеріме тоқталсам, марқұм әкемнің домбыраның құлағында ойнайтын Төлеу, Балихан есімді қос інісі болды. Олар домбыраны құр шертіп қана қоймай, аспаппен әсем әндерді нақышына келтіріп орындайтын. Бала күнімде олардың орындауындағы әндерді тамжылмастан отырып тыңдайтынмын. Мүмкін соның да әсері болар, кейін ән өнері өзіме ерекше жақын бола түсті. Энергияны қайдан аласыз деп едіңіз, соның бір жауабы ретінде осы ән өнерін айтар едім. Ән айтсам, өзімді аспанда қалықтаған құстай сезінемін. Яғни, жан рахатына бөленемін.

— Педагог болғысы келетін жастар жыл өте көбеюде. Мақсаты әртүрлі көрінеді. Педагог мәртебесі өсті. Жалақылары да. Алайда педагогтік қабілет табиғатынан болу керектей. Тәжірибелі педагог ретінде педагогтікке кедергі болатын негізгі үш қасиетті атап өтіңізші.

— Иә, сіз қазір педагог мәртебесіне қатысты дөп басып айттыңыз. Шынымен, мұғалім мәртебесі өсті. «Педагог мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы — осы бағыттағы игі бастамалардың бірі деп білемін. Бұл — сапалы білім беру ісін жетілдіруге мемлекет тарапынан жасалған оң қадам. Жалпы қай қоғамда болмасын ұстаздың орны ерекше. Мұғалімдер білімді әрі саналы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Сондықтан Мемлекет басшысының бастамасымен бүгінде мұғалім мамандығының мәртебесі өсіп, ұстаздар қауымының алаңсыз жұмыс істеуіне бар жағдай қарастырылуда. Осы себепті біз, яғни, педагогтер қауымы білімді ұрпақ тәрбиелеуде аяныып қалмай, мемлекетіміздің гүлденуіне өзіндік үлесімізді қосуымыз қажет. Педагог мамандығын игеру әсте оңай емес. Өзіңіз жоғарыда атап өткендей, тұлғаға педагог болу үшін педагогтік қабілеті табиғатынан бойында болуы қажет. Ал, егер педагог болуға деген мақсат айқын болмаса, ондай адамдарға мүмкін педагогикаға келудің де қажеті болмас. Педагог мамандығына кедергі келтіретін үш қасиетке, балаға деген сүйіспеншіліктің болмауы, педагог алдындағы жауапкершілікті сезінбеуі және қиындықты жеңе білуге деген төзімділіктің болмауын жатқызар едім. Адам бойында осы үш қасиет болмаса, ол нағыз педагог ретінде қалыптаса алмасы анық.

ZHUBANOV UNIVERSITY ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет 1984 жылы Математика, кейіннен Тарих факультетінің құрамында бастауыш кластарға арналған жоғары білімді мамандар даярлау мақсатында бөлім ретінде ашылып, 1990 жылы жеке Педагогика факультеті болып бөлініп шықты.

Алғашқы деканы — Женисхан Бутинчинов, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Профессор-оқытушылар құрамы:

1 ғылым докторы, 6 Ph.D.,20 ғылым кандидаты, 36 магистр

Факультетте «Психологиялық-педагогикалық пәндер және арнайы білім» және «Педагогика, психология және бастауышта оқыту» кафедралары жұмыс жасайды.

Білім алушылар саны: 1705 (7 білім бағдарламасы бойынша бакалавриатта, 5 білім бағдарламасы бойынша магистратурада, 1 білім бағдарламасы бойынша докторантурада).

Білім бағдарламалары:

Бакалавриат

- 6В01101 – Педагогика және психология
- 6В01102 – Психология және білім беру менеджменті
- 6В01301 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
- 6В01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
- 6В01801- Әлеуметтік педагогика және тьюторлық
- 6В01902 – Арнайы педагогика
- 6В03101 – Психология
- 6В03102 -Клиникалық психология

Магистратура

- 7М01101 – Педагогика және психология
- 7М01102 – Психология және білім беру менеджменті
- 7М01301- Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
- 7М01201– Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
- 7М01902 – Арнайы педагогика
- 7М03101 – Психология

Докторантура

8D01301 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Факультет деканы — Жанна Азатқызы Жусупова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР «ЖОО Үздік оқытушы — 2017» мемлекеттік грант иегері, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі, 2011 жылы ҚР БжҒ министрлігі бекіткен «Педагогикалық шеберлік», «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» оқулықтарының авторы.

☑ Faculties

Special pages
Арнайы беттер

ҰСТАЗДАРДЫҢ

Она не расстается с психологией на протяжении 35 лет. Первая встреча с этой глубокой наукой была не случайностью, а взвешанным решением 17-летней девушки. Именно в этом юном возрасте доцент кафедры психолого-педагогического и специального образования Zhubanov University Марина Саутенкова начала свой путь психолога. Сначала изучая профессию на студенческой скамье, а потом уже обучая студентов в статусе преподавателя.

Она считает свою профессию актуальной во все времена. А еще очень перспективной. В пример студентам Марина Саутенкова приводит свою успешную карьеру.

Диплом о высшем образовании с «отличием», трудоустройство в ВУЗ сразу после окончания Актюбинского пединститута, стажировка в Московском государственном педагогическом институте на кафедре психологии (2001 г.), защита кандидатской диссертации по социальной психологии в г.Ярославль РФ (2005 г.), присвоение звания доцента АГУ им. К. Жубанова (2009 г.). А ещё она автор 100 научных работ, под ее руководством защищено более 30 магистерских диссертаций и дипломных работ. Имеет диплом по специальности "Юриспруденция" (Российский Новый Университет (г. Москва) — 2002 г.).

Связаны ли эти достижения со знаниями и навыками психолога Марина Саутенкова рассказала журналисту Гульнаре Караша.

ВСЕГДА АКТУАЛЬНАЯ ПСИХОЛОГИЯ

— В 1989 году я окончила актюбинскую среднюю школу № 22. Передо мной встал выбор: "Куда пойти учиться?" Уезжать в другой город не хотелось. А у нас в городе тогда было всего 2 вуза. И я выбрала Актюбинский педагогический институт.

Придя в приемную комиссию столкнулась с еще одним сложным вопросом: "Какую специальность выбрать?" Среди всех названий я увидела «Педагогика и психология». Быстро проанализировав будущее, я выбрала именно эту специальность. И до сих пор ни разу не пожалела о том дне. Таким образом, в процессе обучения и благодаря моим преподавателям, я уверенно определилась с психологией, как будущим направлением моей деятельности.

Успешно окончив пединститут с красным дипломом, меня сразу оставили преподавать на кафедре «Психологии». Так, в 1993 году началась моя карьера преподавателя психологии.

Мне судьба подарила встречу с великим ученым Казахстана, прекраснейшим человеком, с Учителем с большой буквы Анатолием Афанасьевичем Калюжным. Под его руководством в 2005 году я успешно защитила кандидатскую диссертацию по социальной психологии. Направлением моего исследования была эмоциональная культура. По сей день эта проблема меня интересует.

Меня часто спрашивают «Вы, наверное «читаете» людей и вам легко». На это я всегда отвечаю, что, зная основы вербального и невербального общения, предугадывая шаги, бывает сложно осознавать и принимать это.

Мы готовим студентов к их будущей деятельности, и самое важное в любой профессии, это реализовать себя в той мере, в которой вы настроены на соответствующую деятельность. И здесь важно заниматься профилактикой эмоционального выгорания, которое является неотъемлемым спутником любой профессии. Этому и многому другому мы обучаем наших студентов-психологов.

В основе всех сфер нашей жизни лежат эмоции, поэтому умение правильно выражать их, контролировать и направлять, будет обеспечивать их сохранность и ресурсы организма могут стать неисчерпаемыми. Преподавая каждый курс, я всегда делаю акцент на эмоциональной сфере личности, считая психологию эмоций актуальным направлением в процессе обучения.

Для современного психолога важно обладать эмпатией, искренностью, позитивизмом, чувством юмора, эмоциональностью. Психолог — это специалист, изучающий душевную жизнь человека, поэтому он должен разбираться с любой эмоциональной или психологической ситуацией.

Многие люди стремятся решить проблемы самостоятельно, или с помощью близких, родных, подруг и друзей, не обращаются за помощью к психологу. Если человек не может решить самостоятельно и долгое время свои проблемы, если перестал получать удовольствие от жизни, то ему необходима консультация психолога. Психолог поможет снять эмоциональный груз. И конечно, чтобы психологическая помощь была эффективной и принесла позитивный результат, нужно обращаться к профессионалам.

Сегодня найти психолога несложно: социальные сети, виртуальные центры психологической помощи, сайты-отзовики, рекомендации знакомых и друзей, которые обращались за психологической помощью. При поиске всегда нужно обращать внимание на образование и профиль специалиста, опыт и отзывы клиентов.

В наш информационный век, мы часто пребываем в стрессовом состоянии, и необходимо уметь использовать различные приемы для снятия эмоционального напряжения самостоятельно. Хочу поделиться некоторыми приёмами, которые я использую в своем опыте.

1) Массажные шарики, сделанные из фольги, которые можно положить в сумку, в карман, при необходимости массажировать определенные точки, да и просто катать в руках.

2) Составлять в течении месяца карту баланса (work-life balance), которая поможет мониторить какие сферы жизни вам приносят удовольствие, а какие нет; на какие сферы вам хватает времени и сколько, на что обратить больше внимания, чтобы сбалансировать работу и жизнь.

3) Рисуночные техники — как только вы почувствовали, что вас «берут в плен» негативные эмоции или вы не можете найти нужное решение, сразу начинайте рисовать любые линии, до тех пор, пока эти эмоции «не отпустят» или пока вы не найдете решение своей ситуации.

Что касается интереса ко всем видам техник, и в целом, к психологии то он повышается у всех слоев населения. Следовательно, каждый учебный год количество желающих изучать психологию возрастает.

Мой опыт насчитывает 30 лет педагогического стажа. За время которого я опубликовала более 100 научных работ в различных изданиях, многократно проходила курсы повышения квалификации, имею медаль к 50-летию основания нашего вуза, так как вся моя трудовая деятельность проходит в этом вузе.

И конечно, незыблемой поддержкой в моей жизни является моя любимая семья, мой сын и две мои дочери, которых я бесконечно люблю и чувствую постоянную их поддержку.

АЛТЫН ҰЯСЫ

ӘР ОҚУШЫ ӨЗ ҚЫЛЫҒЫМЕН, ЕРКЕЛІГІМЕН БАУРАП АЛАДЫ

Педагогика факультеті «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенті, болашақ педагог Назерке Уайсованың елгезектігі бірден ұнады. Бұл қасиет жас бойына жарасатын, бастысы келешегіне қажет. Тіл алғыш, ісі тындырымды, жауапкершілік сезімі биік ұстаздан үлгі алған оқушы да үлгілі болады. Ұстаз мәртебесі балажандылығымен шектелмейтінін жақсы білетін Назерке тұлғалық даму жолына қажетті іс-шаралардан тыс қалмайды. Тек қатысушы емес, тәжірибе жинауға тырысады. Ол көптеген конкурстардың жүлдегері. 2020 жыл Н.Ә.Назарбаев Қорының қолдауымен және Қазақстан жастары Конгерсінің ұйымдастыруымен өткен «Jas Qalam» жастар журналистикасын дамытуға арналған блоггингке қатысты. 2021 жылы Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ұйымдастырған АКТ қолдану бойынша студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыстар мен шығармашылық жобаларының халықаралық конкурсының «Цифрлы мұғалім» жобасы бойынша II дәрежелі диплом иегері атанды. ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған «MEN ZHASTARGA SENEMIN!» студент жастардың IX республикалық форумында «Sanaly urpaq» бағыты бойынша III дәрежелі диплом алды. Оған 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған 6В01300 — Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша XIII Республикалық пәндік олимпиадасында II дәрежелі диплом табысталды. Арманы асқақ, мақсаты айқын жаспен әңгіме құрған Гүлнара Дауылбайқызы.

— Назерке, тамаша мамандық таңдаған екенсіз. Бастауыш кластағы балаларды оқыту, тәрбиесіне үлес қосу қиын болғанымен, құрметті кәсіп қой. Кішкентайлардың жүрегіне жол таба білсе тіпті ғажап. Солай ғой?

— Иә, әрине, Гүлнара ханым. Жалпы ұстаз болу ұлағатты іс деп білемін, тәжірибе барысында жүрген кезеңде көз алдындағы әрбір бүлдіршінді назардан тыс қалдырмауға, олардың жүрегіне жол тауып, оқуға деген қызығушылығын арттыруға тырысасың. Әрбір оқушы өз қылығымен, еркелігімен баурап алады. Тіпті кей кезеңде сені жақын әпкесіндей көріп, кішкентай ғана жүрегімен, көзқарасымен адам баласына тек жақсылықты көруді үйрететін секілді.

— Көріп жүрмін, немерем бар, балалар орталығына апарамын, сондағы педагог мамандар арасында жастар басым. Баланың тілін табады, кәсіби шебер. Қуантады. Кәсіпке машықтандыру факультетте үздік деңгейде болып тұр ғой. Біліктілікке баулуда факультеттегі қай ұстаздардың еңбегі зор?

— Иә, әрине. Факультет, кафедра ұстаздар тарапынан бізге беріліп жатырған білім өте жоғары деңгейде деп толықтай айта аламын. Оның ішінде бізге теория мен практиканы ұштастыра отырып жан-жақты мәселелерді шешуге бейімдеткен, дағдыландырған Кенжебекова Нұрзия, Сугуралиева Әлия, Изтлеуова Саманта, Айтмағанбетова Шынар және Рысбаева Ардақ апайларымызды айта аламын. Сабақ барысында әрқашан тың, жаңа ақпараттармен, әдіс-тәсілдермен, нормативті құжаттармен жұмыс жасаймыз. Әрбір сабақ жаңашыл педагог болмысын қалыптастыруға негізделеді.

— Журналистикаға да көңіл бұратын тәріздісіз. Жәй қызығушылық па, әлде бұл салаға бағытталған анық мақсат бар ма?

— Иә, журналистика саласына қызығушылығым бар. Өзім болашақ ұстаз болғандықтан, дауыс ырғағыма өте қатты мән беремін. Қазақ тілі мен әдебиетін жаныма жақын тұтатындықтан, әрбір сөзімді ой саларлықтай етіп, әдемі өңмен жеткізгенді ұнатамын. Оқушылардың және әріптестерімнің алдында нық әрі нақты сөйлеу — ол да бір үлкен өнер. Көп ортада «Сіз журналистика саласында оқисыз ба?», «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімісіз бе» деген пікірлер де айтылып жатады.

— «Цифрлы мұғалім» халықаралық жобасына қатысып, жүлде алыпсыз. Цифрлы мұғалімнің ерекшелігі түсінікті ғой, десе де өзгеден озуыңызға себеп болған қандай дағды болды?

— «Цифрлы мұғалім» халықаралық жобасы мен үшін ең алғашқы үлкен жетістік болды деп есептеймін. Өзгеден озып шығуымның басты себебі, өзімнің болашақта үздік ұстаз атанамын деген ұстанымым деп білемін. Дамыған заманда қалыс қалуға болмайды. Кез келген мүмкіндікті оңтайлы пайдалана білу керек. Ал, қазір ұстаздар да, білім алушылар да, цифрлы сауаттылығы жоғары жандар болуы тиіс деп есептеймін.

— Ғылымға әркімнің-ақ бар таласы. Қандай тақырып аясында зерттеу жүргізіп жүрсіз? Неге ол тақырыпты өзекті деп ойладыңыз?

— Ғылым — ол қажырлық пен шыдамдылықты талап ететін үлкен жол. Қазіргі таңда курстық жұмыс жазу үстіндемін. Менің тақырыбым «Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру». Осы бағытта ізденудемін. Ұлттық құндылықты дәріптеу, оны жас ұрпақ бойына сіңірту — ол әрбіріміздің міндетіміз деп білемін. Өйткені, көзге көрінбейтін біздің ұлттық құндылықтарымыз назардан тысқары қалып жатады. Ал біздің міндетіміз — ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, бала бойына ізгілікті қалыптастыру.

— Педагогика саласында кімді үлгі тұтасыз?

— Педагогика саласында «Педагогика, психология және бастауыш оқыту» кафедрасының меңгерушісі Гүлшат Рахметжанқызын және куратором Райбек Телжанұлын үлгі тұтамын.

Арнайы беттерді дайындаған
Г.Қараша

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

МӘЖІЛІСТІҢ ЖАҢА ДЕПУТАТТАРЫ ТІРКЕУДЕН ӨТТІ

19 наурызда өткен сайлаудан кейін ҚР ОСК брифингінде VIII сайланған Мәжілістің жаңадан сайланған депутаттары ресми түрде тіркелді. Орталық сайлау комиссиясы партиялық тізім бойынша және бір мандатты аумақтық округтер бойынша Мәжілістің 98 депутатын тіркеп, оларға куәліктер мен төсбелгілер тапсырды.

Осыған дейін ОСК өкілдері Мәжіліс депутаттарын сайлаудың қорытындысын жариялап. қазақстандықтардың партиялық тізім бойынша Мәжіліс депутаттарын, сондай-ақ бір мандатты аумақтық округтерден 29 депутатты сайлағанын мәлімдеген болатын.

Сайлауға қатысқан жеті партияның алтауы Мәжіліске өтті:

• «Аманат» партиясынан — 40 депутат;
• «Ауыл» партиясынан — 8 депутат;
• «Республика» партиясынан — 6 депутат;
• «Ақ жол» партиясынан — 6 депутат;
• Қазақстан Халық партиясынан — 5 депутат;
• Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан — 4 депутат.

Мәжіліс Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады:

• Мәжілістің 98 депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және тәте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады;
• Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.

Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі бес жыл.

НОВЫЕ ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПРОШЛИ РЕГИСТРАЦИЮ

Новоизбранных депутатов мажилиса парламента VIII созыва официально зарегистрировали на брифинге ЦИК РК после прошедших 19 марта выборов. Центральная избирательная комиссия зарегистрировала 98 депутатов мажилиса по партийным спискам и по одномандатным территориальным округам — им выдали удостоверения и нагрудные значки.

Ранее представители ЦИК огласили итоги выборов депутатов мажилиса.

Казахстанцы избрали депутатов мажилиса по партийным спискам, а также 29 депутатов по одномандатным территориальным округам.

Из семи партий, участвовавших в выборах, шесть прошли в мажилис:

•от партии «Amanat» — 40 депутатов;
•от партии «Ауыл» — 8 депутатов;
•от партии Respublica — 6 депутатов;
•от партии «Ак жол» — 6 депутатов;
•от Народная партия Казахстана — 5 депутатов;
•от партии Общенациональная социал-демократическая партия — 4 депутата.

Мажилис состоит из 107 депутатов, избираемых в порядке, установленном конституционным законом:

• избрание 98 депутатов мажилиса осуществляется на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании;
• 9 депутатов мажилиса избираются Ассамблеей народа Казахстана.

Срок полномочий депутатов мажилиса — пять лет.

NEW DEPUTIES OF THE MAJILIS HAVE BEEN REGISTERED

The newly elected deputies of the Majilis of the VIII convocation were officially registered at a briefing by the CEC of the Republic of Kazakhstan after the March 19 elections. The Central Election Commission registered 98 deputies of the Mazhilis on party lists and in single-mandate territorial districts - they were issued certificates and badges.

Earlier, representatives of the CEC announced the results of the election of deputies of the Mazhilis. Kazakhstanis elected Majilis deputies from party lists, as well as 29 deputies from single-mandate territorial constituencies.

Of the seven parties participating in the elections, six made it to the Majilis:

• from the party «Amanat» - 40 deputies;
•from the party «Auyl» — 8 deputies;
• from the «Respublica» party — 6 deputies;
•from the party «Ak Zhol» — 6 deputies;
• People's Party of Kazakhstan — 5 deputies;
• From the National Social Democratic Party — 4 deputies.

The Majilis consists of 107 deputies elected in the manner prescribed by the constitutional law:

• Election of 98 deputies of the Mazhilis is carried out on the basis of universal, equal and direct suffrage by secret ballot;
• 9 deputies of the Majilis are elected by the Assembly of the People of Kazakhstan.

The term of office of Mazhilis deputies is five years.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

БРИТАНДЫҚ ЖОО ТҮЛЕКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН МАРАПАТ

Zhubanov University «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының доценті, оқытушы-зерттеуші, Ph.D.Жазира Бекжанова Британдық Кеңес жыл сайын өткізетін UK Alumni Awards (Ұлыбританиялық ЖОО түлектері марапатының) ұлттық деңгейдегі финалисі.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Қазақстандағы Ұлыбритания елшісінің резиденциясында өтті. Іс-шараға Ұлыбритания премьер-министрінің сауда бойынша Қазақстандағы елшісі, баронесса Эмма Николсон, мәртебелі Корольдің Қазақстандағы елшісі, Кэти Лич, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Қазақстандағы Британдық Кеңестің директоры Эрик Лори қатысты.

UK Alumni Awards әлем бойынша британдық жоғары орындарын бітіріп, өз елдерінде үздік жетістіктерге жеткен түлектерді марапаттайды. Британдық ЖОО түлектерін марапаттау рәсімі әлемнің 100-ден астам елінде өткізіледі.

Жазира Бекжанова Ланкастер Университетінің (Ұлыбритания) түлегі, «Болашақ» Президенттік бағдарламасының стипендианты. Ол Қазақстандағы білім беру саласындағы гендерлік теңдікті және әлеуметтік әділдікті күшейту бағытында зерттеу жұмыстарын табысты жүргізуде. Британдық Кеңес оның ғылыми ізденісіне «Әлеуметтік қызмет» категориясы бойынша (Social Action Award) жоғары баға берді.

НАГРАДА ДЛЯ ВЫПУСКНИКОВ БРИТАНСКИХ ВУЗОВ

Доцент кафедры «Иностранная филология и переводческое дело» Zhubanov University, преподаватель-исследователь, кандидат филологических наук Жазира Бекжанова — национальный финалист премии UK Alumni Awards, ежегодно проводимой Британским Советом.

Церемония награждения победителей состоялась в резиденции посла Великобритании в Казахстане. В мероприятии приняли участие торговый посол премьер-министра Великобритании баронесса Эмма Николсон, посол Его Величества Короля в Казахстане Кэти Лич, министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек, директор Британского Совета в Казахстане Эрик Лори.

Премия UK Alumni Awards присуждается выпускникам британских университетов по всему миру, добившихся высоких результатов в своих странах. Церемония награждения выпускников британских вузов проходит более чем в 100 странах мира.

Жазира Бекжанова — выпускница Ланкастерского университета (Великобритания), стипендиат Президентской программы «Болашак». Успешно проводит исследования в направлении укрепления гендерного равенства и социальной справедливости в сфере образования в Казахстане.

Британский Совет дал высокую оценку её научным исследованиям в категории «Социальное действие» (Social Action Award).

UK GRADUATE AWARD

Associate Professor of the Department of Foreign Philology and Translation Studies at Zhubanov University, teacher-researcher, Ph.D Zhazira Bekzhanova - national finalist for the UK Alumni Awards, an annual British Council award.

The award ceremony took place at the residence of the British Ambassador to Kazakhstan. The event was attended by Trade Ambassador of the Prime Minister of Great Britain Baroness Emma Nicholson, Ambassador of His Majesty the King in Kazakhstan Cathy Leach, Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan Sayasat Nurbek, Director of the British Council in Kazakhstan Eric Laurie.

The UK Alumni Awards are given to graduates from British universities around the world who have achieved high results in their countries. The award ceremony for graduates of British universities takes place in more than 100 countries around the world.

Zhazira Bekzhanova is a graduate of Lancaster University (Great Britain), a scholarship holder of the Bolashaq Presidential Program. Successfully conducts research in the direction of strengthening gender equality and social justice in the field of education in Kazakhstan.

Басты жаңалықтарды дайындаған Айерке Сұлтанбекова

Мы у порога большого образовательного бума

Обсуждая вопросы приема студентов на обучение, вспомнила об истоках становления нашего университета.

В 1935 году открылся двухгодичный учительский институт высшего образования. Институт готовил педагогов для средних школ. На тот момент профессорско-преподавательский состав состоял всего из 12 человек.

В 1958 году в связи с созданием медицинского института все корпуса было решено отдать новому высшему учебному заведению.

Пединститут пришлось закрыть и спустя 8 лет, в 1966 году, из-за нехватки педагогических кадров его заново открыли. Начался приём на два факультета по таким специальностям как «Русский язык и литература», «Русский язык и литература в казахской школе», «Математика» и «Физика». Всего в тот год набрали чуть больше 300 студентов.

История так циклична.

Прошло более полувека - мы снова стоим у истоков грандиозного проекта в образовании. И вновь первые 300 студентов. В сентябре на базе Zhubanov University начнётся обучение в филиале ведущего мирового вуза Heriot-Watt. Зарубежные и местные преподаватели будут обучать по трём образовательным программам бакалавриата: «Нефтяная инженерия и энергоменеджмент» (ранее Геоинженерия), «Электроэнергетика» и «Компьютерная инженерия».

Данные специальности выбирались, учитывая кадровый спрос региона. Сегодня на трудовом рынке одними из самых востребованных считаются технические и IT-специалисты. Преподавание будет вестись на английском языке по стандартам Великобритании и курироваться британским университетом. На первом курсе, чтобы помочь студентам адаптироваться, предполагается полное погружение в языковую среду.

Обучение будет полностью за счёт государства. После окончания учёбы выпускники получат два диплома: Heriot-Watt University и Zhubanov University

Мы у порога большого образовательного бума в Западном регионе. И на наших глазах творится история.

Лаура Карабасова
Ректор Zhubanov University
Доктор философии в области образования (Ph.D.)



Приложение к постановлению Центрального Комитета КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР от 15.04. 1966 года № 261.

ПЛАН
приема в Актюбинский педагогический институт
на 1966/1967 учебный год

№ специальности	Наименование специальностей	Всего	В том числе	
			Дневное обучение	Заочное обучение
2101	Русский язык и литература	150	50	100
2101	Русский язык и литература в казахской школе	25	25	—
2104	Математика (Казах. отд.)	50	50	—
2104	Математика	50	50	—
2105	Физика (Казахское отд.)	50	50	—
2105	Физика	25	25	—
	Итого	350	250	100



Казакстанның Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті мен Казақ ССР Министрлер Советінің
ҚАУЛЫСЫ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ
Центрального Комитета Коммунистической партии Казахстана и Совета Министров Казахской ССР

Об организации в г.Актюбинске педагогического института

В соответствии с постановлением ЦК КП Казахстана и Совета Министров Казахской ССР № 429 от 20 июня 1962 года ЦК КП Казахстана и Совет Министров Казахской ССР ПОСТАНОВЛЯЮТ:

1. Принять предложение Актюбинского обкома КП Казахстана, облисполкома и Министерства высшего и среднего специального образования Казахской ССР об организации в 1966 году в г.Актюбинске педагогического института с планом приема 250 человек на дневное и 100 человек на заочное обучение согласно приложению.

2. Согласиться с предложением Актюбинского обкома КП Казахстана и облисполкома о передаче на баланс Министерства высшего и среднего специального образования Казахской ССР, строящегося здания школы на 960 мест в гор.Актюбинске для размещения педагогического института, а также ряда административных зданий областных организаций под обменную студенческого института после завершения строительства Дома Советов.

3. Обязать Актюбинский обком КП Казахстана и Актюбинский облисполком:

а) выделить для профессорско-преподавательского состава Актюбинского педагогического института в 1966 году - 10 квартир и в 1967 году - 20 квартир;

- 2 -

б) оказать помощь педагогическому институту в создании учебных лабораторий путем безвозмездной передачи оборудования и приборов промышленными предприятиями области в соответствии с постановлением ЦК КПСС и Совета министров СССР от 30 августа 1954 года № 1836.

4. Обязать Министерство финансов Казахской ССР выделить Министерству высшего и среднего специального образования Казахской ССР на приобретение инвентаря и оборудования для Актюбинского педагогического института 150,0 тыс.рублей на счет превышения доходов над расходами по республиканскому бюджету.

5. Поручить Министерству финансов Казахской ССР и Министерству высшего и среднего специального образования Казахской ССР совместно рассмотреть и определить расходы на содержание Актюбинского педагогического института на 1966 год и в местный срок представить Совету Министров Казахской ССР свои предложения с разделами ассигнования и об источниках их покрытия.

6. Госплану Казахской ССР выделить Министерству высшего и среднего специального образования Казахской ССР для Актюбинского педагогического института лимит на мебель, а также хлопчатобумажные ткани и верхнюю одежду по представленным им расчетам.

7. Госплану Казахской ССР и Министерству финансов Казахской ССР внести в народнохозяйственный план и республиканский бюджет на 1966 год изменения, вытекающие из настоящего постановления.

Секретарь ЦК КП Казахстана

Председатель Совета Министров Казахской ССР

Н.Бейсембаев

КӨШІРМЕ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ МҰРАҒАТЫ

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №KZ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7 «А» 337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: http://zhubanov.edu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazeti

Таралымы: 5000 дана

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды